



БЕКІТЕМІН  
«Әлия» бөбекжай – балабақшасының  
менгерушісі: Жолшы К.А.Досмуратова

### ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС ЖОСПАРЫ

#### Әдістемелік кеңес №3

Кентау қаласы

26.01.2023 жыл

№	Қаралатын мәселелер	Өткізу формасы	Уақыты	Жауаптылар
<b>Әдістемелік кеңес тақырыбы:</b> Көптілділік саясаты-оқыту процесінде <b>Жүргізілу түрі:</b> Презентация				
1.	№2 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы.			Әдіскер: С.Н.Байболова
2.	«Үздік заттық-кеңістікті дамытушы орта» байқауы			Әдіскер: С.Н.Байболова
3.	Ағымдағы мәселелер.			Әдіскер: С.Н.Байболова

МКҚК «Әлия» бөбекжай – балабақшасының әдістемелік кеңес отырысы  
ХАТТАМА №3

Уақыты: 13.01.2020 жыл

Тақырыбы: Көптілділік саясаты-оқыту процесінде

Жүргізілу түрі: Презентация

Әдістемелік кеңес төрайымы:

Байболова С.Н

Хатшы:

Садыкова С.Ш

Қатысқаны: 20

**Күн тәртібінде:**

1. №2 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы.
2. «*Үздік заттық-кеңістікті дамытушы орта*» байқауы
3. Ағымдағы мәселелер.

Әдіскер:  
С.Н.Байболова

Әдіскер:  
С.Н.Байболова

Әдіскер:  
С.Н.Байболова

**1.Тыңдалды:** №2 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы.

**Сөйледі:** Әдіскер С.Н.Байболова инновациялық тәсілдерді дұрыс қолдана білу туралы кеңестер уақытылы беріліп, тәрбиешілер ұйымдастырылған оқу қызметтерінде, мерекелік шараларда жаңа технология элементтерін тиімді қолданып жүр. Педагогтар әлі де толықтырып, жандандыру қажет. Бұл тәрбиеленушілердің тапсырманы толық меңгеруіне көмектеседі,- деді.

**Шешім:** Өткен әдістемелік бірлестік отырысының шешімі қанағаттанаралық деп танылсын.

**2.Тыңдалды:** «*Үздік заттық-кеңістікті дамытушы орта*» байқауы

**Сөйлегендер:**

**П.Бектурсынова:** Дамытушы орта - заттар мен ойыншықтарға еркін қолжетімділікті және немен айналысатынын өз бетінше таңдауын, күні бойы өз идеяларын іске асыру мүмкіндігін қамтамасыз ететін, балалардың бастамасын қолдау үшін жоспарланған әртүрлі материалдары бар орта.Бұл мәселе бойынша «Киндерленд» тобында биылғы жылда көптеген баланың дамуы үшін жұмыстар жүргізілді,нәтижесін алдағы уақытта әлі де толықтыратындығын атап өтті.

**Б.К Каликова:** «Алтын балық» тобы да қолдан келгенше дамытушы орталықтар орналастырды. Танымдық,шығармашылық, коммуникативтік, әлеуметтік дағдыларды меңгеруге арнайы орталықтар құрылды.

**Сөйледі:** Әдіскер С.Н.Байболова алда жасалатын жұмыстарға тоқталып өтті. Қаңтар айында ата-аналарға қыс мезгіліне байланысты берілетін кеңестер ата-аналар бұрышына уақытылы ілініп, мәліметтер берілуін және қаңтар, ақпан айында жоспарланған ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттің уақытылы өтілуін, оған барлық педагог-тәрбиешілер қатысып, өзара ұйымдастырылған оқу қызметіне қатысу парағын толтырып отыруларын айтты. Балаларға жол ережесін үйрету, балалармен өтетін спорттық сайысына тыңғылықты дайындалуларын, балабақша мен мектеп сабақтастығы, МАД топ балаларының мектеп кітапханасына саяхатқа баруы, оны дұрыс ұйымдастыру туралы айтып, әрбір өткізген шараларының есебін уақытылы тапсырып отыруларын айтты. Сонымен қатар 1. Баланың сұранысына сыйластық принциптері (қозғалыстағы, қарым-қатынастағы, танымдық, қолдаудағы, өз беттілігіндегі сұраныс):

- еркін кеңістіктің болуы;
  - жабдықтың қолжетімділігі және оның көптүрлілігі;
  - топтық орындардың аймақтарға икемді (қатаң емес) бөлінуі.
2. Баланың пікіріне сыйластықпен қарау принципі: ортаны құрғанда, оны өзгерткенде, байытқанда балалардың пікірлері мен ұсыныстарын ескеру.
  3. Заттық-кеңістіктік ортаның функционалдылық принциптері:
    - балалар талап еткен және әртүрлі дамытушы функциялар орындайтын материалдар мен жабдықтарды жинақтау;
    - уақыттың ағымына сәйкес материалдардың өзара ауыстырылымдығы;
    - құралдар көпфункционалды, комбинаторлық, нұсқалы болуы тиіс.
  4. Білім берудің озықтық сипаты: топтық орындарда материалдардың 15%-ы келесі жас сатысындағы балаларға бағытталуы керек (диагностика үшін негіз, дамудың әртүрлі деңгейіндегі балаларға бағдарлау мүмкіндігі, танымдық белсенділікті жеделдету).
  5. Ортаның динамикалық-статикалық принциптері:
    - орта жағдайлы, тартымды бола отырып баланың өзгеруіне қарай өзгеруі тиіс;
    - баланың ортаны өзгертуге өзі өзгеріс енгізе алатындай, оны өзіне ыңғайлайтындай мүмкіндігі болуы керек.

Айтылған көзқарастарды талдай келе, олардың кейбір ортақ тұстарын, көптеген принциптердің мазмұны жағынан үндес екендігін атап көрсету қажет. Олар педагогикалық іс-әрекеттің гуманистік бағытталғандығы,

балаларды тұлғалық-бағдарлық тәрбиелеу мен оқыту мақсаттарын жүзеге асыруды көздейтіндігі, мектеп жасына дейінгі балалардың тұлғасын және іс-әрекетін дамыту үшін көпфункционалды кеңістік қуру. Дамытушы ортаны қуру принциптерін анықтаудағы әртүрлі көзқарастың болуы мектепке дейінгі мекеме педагогтарына өз көзқарасын білдіруге және соның негізінде дамытушы шарттардың оңтайлы кешенімен қамтамасыз етуге мүмкіндік туғызады.

Баланың даму ортасын жобалау процесі үздіксіз, оны аяқталды деуге болмайды. Бүгінгі «*Ездік зияттық-көңілділікті дамытушы орта*» байқауының нәтижесінің қорытындысын айтып өтті.

I-орын «Алтын балық» тобы

II-орын «Алтын кілт» тобы

III- «Киндерленд» тобы. Атылған топтарды жеңісімен құттықтап алдағы уақытта басқа топтардың бәсеке қатысын жетістіктерге жететіндеріне сенімдімін.

Әдістемелік кеңес төрайымы:

С.Н.Байбылова

Хатшы:

С.Ш.Садыкова



